

ӘОЖ 94 (574)

Д.Б. Шалқаров

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: dihya-83@mail.ru

Ислам мәдениетіндегі Орта Азия матуридийа дәстүрінің діни-дүниетанымдық элементтерінің қоғамдағы алатын орны

Ортағасыр кезеңіндегі Мәуреннаһр аймағындағы діни-дүниетанымдық мәдениеттің бағыты мен өзегі ислам мәдениетімен ұштасып жатты. Бұл мәдениеттің түркілер арасына жайылуы мен дамуына түрткі болған ортаазиялық ғалымдар Әбу Мансұр әл-Матуриди, Әбу әл-Муин ан-Насафи, Әбу-л-Футух 'Әбд әл-Ғафир әл-Қашғари, 'Имран ибн Исра'ил ат-Тарази, Наср әл-Адиб әл-Исбиджаби, Әбу Хафс әл-Бараби, Ғалиб ибн Хатим әл-Қади әл-Исфиджаби, Әбу Бакр ат-Тарази, Әбу Са'ид Мика'ил ибн Ханифа әл-Будахкаси сынды ғалымдардың қоғамның рухани мәдениетін қалыптастырғанын байқаймыз. Аталмыш ғалымдардың ішіндегі ең атақты, әрі ислам мәдениетінің сенімдік жүйесі мен құқықтық нормаларын қалыптастырған Әбу Мансұр әл-Матуриди болып саналды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, ислам мәдениеті, ханафиттік дәстүр, матуридийа бағыты, діни-дүниетаным, салыстырмалы талдау.

D.B. Shalkarov

The Role of the elements of the religious views of the tradition maturidia of Central Asian Islamic culture in the society

The basis and directions of the religious views in the medieval Mawarannahr are tightly connected with the Islamic culture. Great scientists as Abu Mansur al-Maturidi, Abu al-Muin al-Nasafi, Abu al-Futuh, Abd al-Gafir al-Kashgari, Imran ibn Israil al-Tarazi, Nasr al-Adib al-Tarazi, Abu Said Mikail ibn Hanifa al-Budakhasi etc....

Key words: Central Asia, Islamic culture, hanafizm tradition, maturidia direction, religious view, comparative analysis.

Д.Б. Шалқаров

Роль элементов религиозного мировоззрения традиции Исламской культуры Средней Азии матуридийа в обществе

Основные направления религиозного мировоззрения в регионе Мавераннахр в Средневековье тесно связаны с исламской культурой. Распространению и развитию этой культуры среди тюрков, а так же развитию духовной культуры в обществе способствовали великие ученые, как Абу Мансур ал-Матуриди, Абу ал-Муин ан-Насафи, Абу-л-Футух 'Абд ал-Ғафир ал-Кашгари, 'Имран ибн Исра'ил ат-Тарази, Наср ал-Адиб ал-Исбиджаби, Абу Хафс ал-Бараби, Ғалиб ибн Хатим ал-Қади ал-Исфиджаби, Абу Бакр ат-Тарази, Абу Са'ид Мика'ил ибн Ханифа ал-Будахкаси.

Ключевые слова: Центральная Азия, исламская культура, ханафитская традиция, направление матуридийа, религиозное мировоззрение, сравнительный анализ.

Әбу Мансұр әл-Матуридидің (945ж.) түркі-мұсылман қоғамына ислам философиясындағы әлемнің жаратылысы, жаратушының сипаттары мен адам баласының логикалық еркіндігін,

шариғат нормаларының жергілікті мәуреннаһрлық түркі қоғамының ментальдық ерекшеліктері мен құндылықтарын шариғат шеңберіне сай етіп таныстырды. Ғұламаның ислам филосо-

фиясында қомақты орын алатын әлемнің онтологиялық жаратылысы мен адам еркіндігі, адам баласының иманы мен амалы сынды ислам философиясы элементтерін қарастырады. Әлем философтары мен ғұламаларының әлемнің жаратушысының сипаттары мен әлемді танудағы негізгі онтологиялық принциптерге сүйену ықлым заманнан бері келе жатқан дәстүр. Мәуреннаһрлық ғалым Әбу Мансұр әл-Матуриди (945ж.) осы құндылықтарға тоқталғанда бірінші қарапайым элементтер (ал-аркан ал-басита) яғни, акциденция мен сапа (качество), екінші күрделі денелік субстанциялар (ал-а'йан\ ал-мураккаба) яғни, дене болып табылады. Дене белгілі бір соңы бар (нихайат) және шектеулі (махдуд). Денеде тараптар (джиха) бар, ол алтау. Табиғи құбылысқа тән дене акциденцияны өзіне (қабил) қабыл етіп, нәтижеде оның субстраты (махалл) белгілі болады. Акциденцияны болса оны бөлінбейтін бір сипат деп атайды. Сол ғасырда өмір сүрген Әбу-л-Лайс ас-Самарқанди (983ж.) болса, әлемнің онтологиялық жаратылысын көп қарастырмай, ол тек қана ханафийа ілімінің мықты кемеңгерлері мен Мәуераннаһр мутакаллимдерінің бірі болғандығы көрінеді. Әбу-л-Лайс ас-Самарқанди ізбасары Әбу Шакур ас-Салими XI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Ол өзінің «Китаб ат-тамхид фи байан ат-таухид» – атты еңбегінде физика ғылымының негізгі мәселелерін қарастырады. Бұл ғұламаның физика деп қарастырған мәселелері Әбу Мансұр әл-Матуриди үшін физика мәселелері емес, дұрысы ас-Салимнің концепциясы аш'арийа тобының идеялары мен джавахир (атомдар) мәселесі. Әлемді екі элемент құрайды, ол джауһар мен 'араз (акциденция). Дене ол екінші орындағы құндылық, яғни джауһар мен 'араздан дене құрылады. Оның пікірінше, дене (джисм) құрылымнан (таркиб) немесе бірігуден (та'лиф) тұрады. Бұл пікірлер Әбу-л-Хасан әл-Аш'аридің идеяларымен сәйкес келеді. Келесі ғұлама Әбу-л-Йуср әл-Паздауи (1100 ж.) әлемді акциденция (сифа/'араз), дене (джисм), атом (джауһар) ал-джуз'у аллази ла йатаджазза') құрайды. Денені құрау үшін екі атом жеткілікті деп пікірін білдірген. Бұдан кейінгі ғұлама Мәуераннаһр майталманы Әбу-л-Му'ин ан-Насафидің (1114 ж.) әлемнің онтологиялық жаратылысы туралы үш еңбегі сақталған. Олар: 1) Бахр ал-калам. 2) ат-Тамхид ли қава'ид ат-таухид. 3) Табсира ал-адилла. Оның еңбектерінің ішіндегі соңғы «Табсира ал-адилла» – атты еңбегінде ғұлама тек өзінің ғана пікірлерін емес,

Әбу Мансұр әл-Матуридидің идеяларын да жазады. Бұл еңбек бізге дұрыс ақпарат алуымызға да көмегі мол дүние болды. Ал әлем жайлы Әбу-л-Му'ин ан-Насафидің (1114 ж.) Әбу-л-Хасан әл-Аш'ари пікірлерінен ерекше көзқараста еді. Әлем материалдық субстанциялар (а'йан) мен акциденциялардан тұрады. Субстанция категориялары әрі қарай бөліне береді. Субстанциялар күрделі дене (аджсам) болуы мүмкін. Тағы да олар жай болуы мүмкін, оларды «атомдар (джавахир)» – деп атаймыз. Кейін автор атомдар мен акциденциялардың мәнін түсіндіруге тырысады. Атом өзінен-өзі пайда болған (ал-қа'им бизатихи) өзіне құрамына басқа нәрселерді қамти алушы (ал-қабил ли-л-мута'аддат). Ал акциденциялар болса жаратылған заттың сипаты (Исм ли ас-сифат ас-сабита ли-л-мухдасат) болады. Яғни түр, түс, иіс пен дәмнің әртүрлілігі немесе барлық өзгеретін дүниелер т.б.

Дене туралы Әбу-л-Му'ин ан-Насафи Әбу-л-Хасан әл-Аш'аридің «дене екі атомнан құралады» – деген пікіріне сын айтып, му'тазилиттер мен математиктердің (хуссаб) үштік үлгідегі пікірлерін қолдады. Әбу Мансұр әл-Матуридидің пікірінше әлем а'йан мен 'араздан құралады. А'йан-дегеніміз күрделі дене мен жай атомдар, ал араз болса акциденциялар деп таныды. Әбу Мансұр әл-Матуриди акциденцияларды «жай элементтер», ал денені «құрам» (мураккаб) – деп атады. Яғни, «әлем бөлшектерден құралады» – дейді [1, 52 б.].

Демек, бұл құндылық бүкіл әлемнің бойында, сонымен қоса микрокосмоста (адамда) да кездеседі. «Адам бойынан мұны әртүрлі ләзаттану (ахва'`разные увлечения) мен нәпсінің (шахават) қалауы ретінде табуға болады. Адамды сипаттағанда (ал-хайю ан-натик ал-майит) ақылымен анықталатын тірі әрі өлі жаратылыс» – дейді. Адам ақыл мен өзінің табиғи жаратылысынан (натура) тұрады. Алла тағала осы табиғи жаратылысты адам баласының және де басқа да жаратылыс иелерінің бойына қосып жаратқан. Таба'и' әлемнің төрт элементі жылылық, суық, ылғалдық пен құрғақтыққа қосымша бесінші элемент ретінде қарастырылады. Бұл таба'и' кейде акциденция қызметін де атқарады. Әбу Мансұр әл-Матуриди таба'и'ді «дененің құрылуына қызмет етпей, дененің өзгеруіндегі құбылысты байқауы тиіс» – дейді [2, 179 б.].

Демек, бұл акциденциялық әлемнің төрт элементінен басқа да элементтер бар деген тұжырымды растайды. Аталған акциденциялар әлемді жаратушының ақиқат екенін дәлелдей

түседі. Әбу Мансұр әл-Матуриди әлемнің онтологиялық құрылымынан кейін келесі тақырыпқа кіріспе ретінде материалдық заттардың элементтері мен оның жаратушысы құдай тағаланың бар екендігін дәлелдеуге кіріседі. Әлемдегі заттар мен денелер кездейсоқтықтан жаратылмағандығын, оны белгілі бір мақсаттармен Алла тағаланың жаратқандығын дәлелдейді. Демек, осы әлемді жаратушы (мухдис) шынында да Алла тағала екенін дәлелдейді. Әлем бір хадис (жаратылған дүние), жаратылған зат жаратушысына тәуелді. Мәселенки, құрылыс құрылысшыға, жазылған хат жазушыға тиісті, сол сияқты жаратылған әлем Алла тағалаға тәуелді. Әбу Мансұр әл-Матуриди Алла тағаланы тануда екі жолды көрсетеді. Олар: 1) Жаратылыс арқылы, яғни кез келген затты жаратуда оның белгілері мен жаратқандығының дәлелі (дала'ил) бізге оның жалғыз екендігі мен бұл әлемнің бос жаратылмағанының белгісін білуге болады. 2) Пайғамбарлар өмірі мен өсиеті арқылы Алла тағаланы тануға болады. Осы позицияны көбінесе му'тазила мен аш'арийа бағыттары әлем мен құдайды тануда көп қолданады.

Алла тағаланы тану мәселесінде рационалды түрде түсіндіргісі келген Әбу Мути' әл-Макхул ибн әл-Фадл әл-Макхул ән-Насафи «ар-Радд» – атты еңбегінде «Өзінің бойындағы әлсіздік, қайрат-жігер, нәзіктік, қуаттылықты, бір жағдайдан екінші жағдайға ауысуы сияқты белгілерді көре алған адам жаратушының бар екеніне көзі жетуі тиіс» – дейді. Қорыта келгенде Әбу Мансұр әл-Матуриди бізге Алла тағаланы танудағы рационалды (ақыли) таным арқылы тану мүмкіндіктерін үйретеді. Бұл мәселеде Әбу Мансұр әл-Матуридидің пікірі ашариттермен келіспей, керісінше му'тазилиттер теологиясы идеялары мен түйіседі. Ислам дінінде иман негіздерінің біріншісі болып келетін бөлім, ол Алла тағалаға иман бөлімі. Момын адам әзәли мен әбәди болған, барлық нәрсені жоқтан бар еткен бір Алла тағалаға иман етуімен жауапты. Алла тағаланың барлығы әрі бірлігі туралы аяттар құран кәрімде көптеп кездеседі. Алла тағаланың барлығы мен бірлігі логикалық құралдар мен (ақыл-парасат арқылы) білуге болады. Әлемдегі жаратылыс иелерінің әрекеттерін реттейтін, бір жүйе мен үйлесімге келтіретін жаратушы ол Алла тағала. Алла тағаланың барлығы мен бірлігі туралы Әбу Мансұр әл-Матуриди былай дейді: «Тендесі мен ұқсасы болатын бір нәрсе, көптік дәрежесіне кіріп, екілік санынан басталады. Ал мұндай сипаттар Алла тағалаға тән емес». Сон-

дай-ақ Алла тағаланы «шай'ун» – деп атай аламыз. Өйткені қасиетті құран кәрімде Алла тағаланың өзі «шай'ун» – деп атады. Бұған дәлел: «Көктер мен жердің жаратушысы; сендер үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, хайуандар үшін де жұптар жаратушы. Өстіп сендерді өсірді. Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші [3, 484 б.].

Егер де Алла тағалаға шай'ун деген атау рұқсат етілмеген болса, аяттарда бұл атаулар келмес еді. Шай'ун сөзінің мәні Алла тағаланың мәртебесін көтеру үшін қолданылады. Әбу Ханифа «ал-Фикһ ал-акбар» – атты еңбегінде «Алла тағала шай'ун, бірақта басқа заттарды атайтындай нәрсе деуге болмайды» – дейді. Алла тағаланың шай'ун аталуының мәні – серіксіз, джауһар емес, джисм және а'раз да емес, шексіз, ортақсыз, оған ұқсайтын еш нәрсе жоқ дегенді білдіреді. Ислам әлемінің каламшылары, теологтары құдай мәселесінде: «Алла тағала бір және оның серігі жоқ» – деп пікірлерін білдіреді. Алайда христиандар, маджусилер, натуралистер бұл көзқарасқа нұқсан келтірген. Маджусилер құдай тағаланы екеу деп пайымдайды. Біреуі жақсылықты жаратушы, ал екіншісі болса жамандықтың жаратушысы. Христиандардың пікірінше құдай тағаланы үшеу: «әке, бала, киелі рух немесе құдай тағаланың сипаттарынан болған заттық сипаты, ілім және өмір сипаттарынан құралады». Ал натуралистер (табиғатшылар) көзқарастары бойынша: «құдай жылылық, суықтық, ылғалдық және құрғақтық» – деп төртке бөлген. Астрологиялық ілім бойынша жаратушы жетеу: «Зухал (Сатурн), Муштари (Юпитер), Марих (Марс), Зухра (Венера-Шолпан), 'Утарид (Меркурий), күн, ай» – деп сенген [4, 66 б.].

Бұл аталған топтардың барлығы шындығында ұлы жаратушы Алла тағалаға серік қосып, мойындамағаны жоғарыдағы аталған ұстанымдарынан көрініп тұр. Өйткені, Алла тағала сипаттары ешқандай серік болу қасиеттерін қажет етпейді. Егер де, жаратушы екеу болған жағдайда біреуі өмірді жаратуды қаласа, екіншісі өлімді қаласа екеуінің арасында қарама-қайшылық туатын еді. Бұл жағдай Ұлы жаратушы Алла тағаланың сипаттарына нұқсан келтіріп тұрғаны анық. Әлемнің жаратушысы Алла тағала сипаттарынан хабардар етер болсақ, оның сипаттары джауһар, 'араз немесе джисм, түр мен форма, белгілі бір жерде орналасқанын қабыл етер болсақ, бұл пікір мен сенімнің өте үлкен қателік екенін ұмытпағанымыз жөн. Өйткені Ұлы

жаратушы Алла тағала мұндай сипаттаулардан пәк [5, 142 б.].

Әбу Мансұр әл-Матуридийдің басқа ханафийа ғұламаларынан тағы да бір ерекшелігі ал-вахид (жалғыз) ұғымының басқа да семантикалық мәндерін қарастырады. Әбу Мансұр әл-Матуридий өзінің «Китаб ат-таухид» еңбегін әрі қарай жалғастырып, Алла тағаланы адам ешқандай аянсыз, ақыл-ой арқылы тануға болады. Яғни, әрбір адамзат баласы Алла тағаланың бір екенін табиғи жолмен білуі мүмкін. Таухид (құдайды бір деп тану) нығметі барлық адамзат баласы үшін сый етіп берілген, оны ақыл-есімзбен тани аламыз. Өкінішке орай, даһрийа тобы, дуалистер, иудейлер, христиандар, натурфилософтар қателікке түсті. Тіпті, ислам мектептерінің өкілдері му‘тазилиттер, Наджджарды жақтаушылар, антропоморфистер бұл мәселеде қателікке жол берді» – дейді Әбу Мансұр әл-Матуридий [6, 87 б.].

Матуридийа теологиялық ілімі бойынша әлем Алла тағаланың жаратқан жаратылысы. Матуридийа теологиялық ілімінің негізін қалаушы Әбу Мансұр әл-Матуридий әлемнің өзінің жаратылуында әртүрлі қасиеттегі құбылыстар бар. Ол а‘йан мен а‘раз деп екіге бөлінеді деген пікірде. Әбу Мансұр әл-Матуридий а‘йанды «басит пен мураккаб» – деп екіге бөліп, баситты «джауһар» – деп атайды. Ал мураккабты «джисм»–деп атайды. Демек, «джисм ұғымын кемінде екі джауһардан құралған зат» – дейді [4, 167 б.]. Әбу Мансұр әл-Матуридий а‘раз «басқа затқа мұқтаж болып, белгілі бір орын алатын элемент» – мәнін білдіреді. ‘Араз түрлерін Әбу Мансұр әл-Матуридий отызға жеткізеді. Олар: түстер, әрекет және тыныштық, дәмдер, иістер. Әбу Мансұр әл-Матуридий а‘раздарды «жай элементтер», ал джисмді мураккаб (құрам) деп атады. Әлем бөлшектерден тұрады. Әбу Мансұр әл-Матуридий «Китаб ат-таухид» еңбегінде а‘йан мен араздан бөлек джауһарды дененің табиғи субстанциясы деп таныды. Сонымен қатар ислам әлемінде еңбегімен әйгілі болған Әбу-л-Му‘ин ан-Насафидің (қ.ж. 1114 ж.) пікірінше әлем материалдық субстанциялар (а‘йан) мен акциденциялардан (а‘раз) тұрады. Субстанциялар күрделі денеден (аджсам) тұрады. Сондай-ақ қарапайым болып, оны «атомдар» (джавахир) – деп атаймыз. Атом өзінен-өзі пайда болған (ал-қа‘им би-затихи) өзіне басқа нәрселердің қасиетін қамти алушы (ал-қабил ли-л-мута‘аддат). Ал акциденциялар жаратылған заттың сипаты (Исм ли ас-сифат ас-сабита ли-л-мухдасат) деп

аталады. Яғни, түр, түс, иіс пен дәмнің әртүрлілігі немесе барлық өзгеретін дүниелер т.б.

Бұл мәселеде Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи көбінесе сөздің этимологиялық мағынасына көңіл бөлген. Әлемнің жаратылысында да Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи сөздің типтік мағынасына қарай мән берген. Оның әдісі бойынша бірінші тақырыппен байланыста болған сөздерді этимологиялық тұрғыдан қарастырып, оның түбірі мен жіктелуіне көңіл бөледі. Одан кейін каламшылардың пікірлеріне тоқталып өтеді. Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи өз еңбегінде иман ету, білім алу, сену сынды элементтерден (құндылықтар) кейін әлемнің жаратылысына мән береді. Каламшылардың пікірінше, әлем Алла тағаладан басқа бүкіл болмыстарды атайды. Әлем ұғымы арабша (аламат) белгі деген мағынаны білдіреді. Ал әлем деген сөздің өзі жаратқанның белгісі деген мағынаны білдіреді. Бұл мәселеден кейін джауһар, джисм және ‘араз мәселелерін талқылайды. Джауһарды анықтағанда оның тілдік мағынасына бір-ақ тоқталып, мағынасы тамыр, асыл, негіз екенін дәлелдейді. Мәселенки, пәленшенің тегі (асылы) джауһары жақсы сияқты мысалдар келтіреді. Бұдан кейін логиктер мен каламшы теориясына тоқталып өтеді. Джауһар дегеніміз Әбу-л-Му‘ин ан-Насафидің пікірінше: «бөлінбейтін бір бөлшек». Ал ‘араз мәселесіне келсек, ол ешқандай жалғаспайтын, қысқа заттардың атауы. Каламшылардың теориясы бойынша ‘араз пайда болған заттардың сипаты болатын қасиетті атайды. Мәселен, заттардың түстері, дәмдері т.б. Бұдан кейін каламшылар бұл туралы әртүрлі пікірлер айтты. Олар: 1) Әрдайым жалғаспаған нәрсе ‘араз. 2) Джауһарда болатын бір зат. 3) Екі уақытқа жалғаспаған нәрсе. Әбу-л-Хасан ал-Аш‘аридің кейбір еңбектерінде басқа бір затқа сипат болған, бірақ өзі жоқ болған нәрсе» – дейді [7, 116 б.].

Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи ‘аразды этимологиялық жағынан түсіндірсе, ал Әбу-л-Хасан ал-Аш‘ари ‘араз мәселесін күрделі философиялық ойлармен жеткізеді. Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи басқа ұғымдарды түсіндірген соң, ‘араз сөзінің этимологиялық және семантикалық қырларын қарастырып кетеді. Джауһар мен ‘араз әлем жаратылысындағы ең үлкен екі термин болып саналады. Ежелгі философтардың қозғаған осы екі мәселесі күні бүгінге дейін өзекті болып жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда бұл терминдер тек философия саласында ғана емес, қоғамның түрліше салаларында қолданылып келеді. Заттың қасиеті, оның түсі, түрі, құрылымы бәрі қа-

зіргі кезде өте өзекті болып табылады. Бұл екі ұғым әлемде жаратылған болмыстарға ғана тән. Демек, Алла тағаланың сипатын бұл екі болмыспен сипаттауға болмайды. Бұл мәселелерді қозғау өте күрделі, жауапкершілігі жоғары дүние болғандықтан ислам каламшылары ислам құндылықтары мен Алла тағалаға деген иманды өте мұқияттылықпен қарап, зерттеуге беттеген. Алайда каламшы мен философтардың ой-пікірі мен принциптері, сондай-ақ зерттеу әдістері де бір-бірінен өзгеше бағытта екенін естен шығармауымыз керек. Дәлірек айтсақ каламшының методы бүкіл теориялық ілімдерді игеріп, оны синтезден өткізіп, ақиқатқа апарар жолда сол теорияларды пайдалану болып табылады. Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи өз методикасында ұғымдардың этимологиялық және семантикалық тараптарын кеңінен қарастырып, түбегейлі мән мағынасы мен мазмұнын жеткізуге тырысқан. Бұл туралы ойшыл Хусам ад-дин ас-Сығнақи: «әлем хадис, хадис сөзінің мағынасы жаңа, жаратылған, бұрын болмаған». Хусам ал-милла еңбегінде хадис мәселесі мен қадим ұғымы бірге қарастырылады. Ол: «Қадим–бастауы жоқ, басқа нәрселерге мұқтаж емес, тек жаратушы Алла тағалаға ғана тән сипат. Әлем сөзі Алла тағаладан басқа есімдерге қойылған мән».

Әбу Мансұр әл-Матуриди мен Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи келесі мәселеде Алла тағаланың таквин сипатын семантикалық әдіспен әуелі «таквин» сөзінің қандай мағына мен мән беретіне тоқталып өтеді. Ол таквин сөзі тахлик, халқ, ижад, ихдас, ихтира (болу, жарату, бар болу, ортаға шығару, жаңа нәрсе шығару) – деген мағыналардың синонимдік мәнін салыстыра қарайды. Алайда Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи өзінен алдыңғы ғұламалардың қолданғанына сәйкес таквин сипатын тілге тиек етеді. Таквин мәселесіне келгенде мынандай үш негізді (элемент) ұмытпауымыз шарт. Олар: 1) Мукаввин – жаратқан ие Алла тағала. 2. Таквин – жарату-сипат. 3. Мукавван- жаратылған-қасиет (объект) зат. Енді мукаввин мәселесіне келсек, онда ешқандай талас жоқ оның хақ тағала Алла екенін бәрі мойындайды. Ал екінші элемент болып табылатын таквин мәселесінде біраз келіспеушілік пен түрліше пікірлер бар. Бұл қасиет фи‘ли бір сипат па, жоқ әлде кейін жаратылған қасиет пе немесе эзели ме деген сұрақтар каламшы арасында пікір тудырады. Үшінші қасиет болып

саналатын мукавванды таквин мен бірге екенін айтатын каламшылар да кездеседі. Яғни, олардың пікірінше таквин екіге бөлінеді бірі жаратушы Алла, екіншісі жаратылған зат. Бұл мәселеде Хусам ад-дин ас-Сығнақидің пікірлері де жоғарыда аталған Әбу Мансұр әл-Матуриди мен Әбу-л-Му‘ин ан-Насафидің теологиялық көзқарастарынан әсерленгені анық [8, 47 б.].

Алланың бірлігі жайлы пікір таласқа түсушілер көбінесе Самарқанд аймағында Әбу Мансұр әл-Матуриди ғасырында кездесетін еді. Өйткені, ислам әлемінде дуалистер саны осы аймақта басым еді. Әбу Мансұр әл-Матуриди олармен пікірталасты бастағанда бірінші ақыл-парасат, сезім мүшелері, берілу (сам‘\ предание) арқылы дәлелдер алып келуші еді. Құдайдың басқаруымен болған мотивте Әбу Мансұр әл-Матуриди Алла тағаланың бар екендігіне космологиялық пен теологиялық дәлелдер келтіреді. Дәлелдеудің мұндай формасын кейінірек калам ілімінде де кездестіруге болады. Калам ілімінде таману‘ ұғымы дуалистерге қарсы қойылған негізгі әдіс болып саналады. Бұл әдістерді IX ғасырда Әбу-л-Хузайл мен әл-Мухасибиді, X ғасырдың бас кезінде Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбу-л-Хасан әл-Аш‘арилердің теологиялық ілімдерінде кездеседі.

Мақаламызды қорыта келе, ортаазиялық матуридийа діни дәстүрінің ислам мәдениетінің кеңінен жайылуы мен дамуы Сығанақ, Фараб, Исфиджаб, Икан, Ясы, Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Ферғана, Несеф, Термез сынды мұреннаһрлық қалалар мен Сыр бойындағы елді-мекендерде ортағасыр кезеңінде матуридийа бағыты ғана емес, ислам тарихындағы мурджийа мен зайдийа, муғтазила мен хариджийа, исмаилийа сынды исламдық мазхабтық бағыттары да кеңінен тараған болатын. Алайда бұл діни бағыттардан аталмыш матуридийа бағыты өз басымдығын көрсете білді. Өйткені бұл аймақтың ментальдық ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарына сай ұстаным болғандықтан ханафийа-матуридийа бағыты түркі халқының этномәдени ерекшеліктерінің бейнесін көрсете білген. Сонымен қатар қазіргі таңда да түркі әлемінің қалыптасқан діни-дүниетанымдық ұстанымдарын қуаттау мен қайта қалыптастыруда, деструктивті діни бағыттарға қарсы қоғамның рухани иммунитетін қамтамасыз етуде басты орын алатындығы анық.

Әдебиеттер

- 1 Ал-Кураши, Мухаммад ибн Мухаммад Аби-л-Вафа. Ал-Джавахир ал-мудийа фи табақат ал-ханафийа. – Хайдарабад, 1962. – 322 с.
- 2 Рудольф У. Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде. – Алматы: Фонд XXI век, 1999. – 286 с.
- 3 Құран Кәрім, қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай, Екі Харамның қызметкері Фаһд патшаның құран шәриф басым комбинаты, 1991 ж.
- 4 Абу Ханифа. Ал-‘Алим ва ал-мута‘аллим. – Ыстамбұл, 1981. – 183 б.
- 5 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 2001. – Т. 23. – 329 s.
- 6 Ибн ал-‘Асакир, Абу-л-Қасим, ‘Али ибн ал-Хасан ибн Хибатуллаһ. Табийн ал-Кизб ал-муфтари‘ ила-л-имам Абу-л-Хасан ал-Аш‘ари. – Дамаск, 1347 х.ж. – 178 с.
- 7 M.S. Yazıcıoğlu. Maturidi ve Nesefiye göre insan hürriyeti kavramı. M.E.B. Yayınları. – Istanbul, 1994. – 148 s.
- 8 Абу-л-Йуср ал-Паздави. Усул ад-дин. – Ыстамбұл, 1980. – 363 б.

References

- 1 Al-Qurashi, Muhammad ibn Muhammad Abi-l-Vafa. Al-Djavahir al-Mudiyya fi tabakat al-hanafiyya. – Haidarabad, 1962. – 322 s.
- 2 Rudolph U. Al-Maturidi i sunnitskaya teologiya v Samarkande. – Almaty: Fond XXI vek, 1999. – 286 s.
- 3 Quran Karim, qazaqsha magina jane tusinigi. Halifa Altay, Fahd patsha basym kombinati, 1991 j.
- 4 Abu Hanifa. Al-‘Alim va al-mutaallim. – Istanbul, 1981. – 183 b.
- 5 Islam Ansiklopedisi. – Istanbul, 2001. – Т. 23. – 329 s.
- 6 Ibn al-‘Asakir, Abu al-Qasim, ‘Ali ibn al-Hasan ibn Hibatullah. Tabiin al-Kizb al-muftari‘ ila -l-imam Abu-l-Hasan al-Ash‘ari. – Damask, 1347 h.j. – 178 s.
- 7 M.S. Yazıcıoğlu. Maturidi ve Nesefiye göre insan hürriyeti kavramı. M.E.B. Yayınları. – Istanbul, 1994. – 148 s.
- 8 Abu-l-Yusr al-Pazdavi. Usul ad-din. – Istanbul, 1980. – 363 b.